

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 296 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 мамырда № 5622 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 27 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 20.05.2016 № 27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Лисаков қаласының әкімшілік аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу орындары белгіленсін:

- 1) Лисаков қаласының Мир көшесінде орналасқан алаң;
- 2) Октябрь кентінің Горький көшесінде орналасқан "Россия" мәдениет үйіне іргелес аумақ.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XX сессияның төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*А. Демисенов*

*Г. Жарылқасымова*